

ЖЕКЕ МЕМОРАНДУМ

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекетті тіркеуі инвесторларға мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты, жеке меморандумда сипатталған қандай да болсын ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжатта қамтылған ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген барлық ақпараттың дәйектілігін және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылдыруға әкеп соқтырмайтынын растайды.

1. Облигациялар шығарылымы облигациялық бағдарламаның проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатыны туралы ақпарат (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің толық атауы (Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті үшін) немесе заңды тұлға ретінде тіркелгенін растайтын өзге құжатқа сәйкес (Қазақстан Республикасының резидент эмитенті үшін) эмитенттің толық атауы)

Толық атауы

Қазақ тілінде	"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғам
Орыс тілінде	Акционерное общество "Фонд развития предпринимательства "Даму"
Ағылшын тілінде	JSC «Damu» Entrepreneurship Development Fund»

Қысқартылған атауы

Қазақ тілінде	"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ
Орыс тілінде	АО "Фонд развития предпринимательства "Даму"
Ағылшын тілінде	JSC «Damu» Fund»

2. Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі

970840000277

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі, облигациялардың саны және облигациялар шығарылымның жалпы көлемі.

- облигациялардың түрі: Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар
- облигациялардың саны: 50 000 000 (Елу миллион) дана
- облигациялар шығарылымның жалпы көлемі: 50 000 000 000 (Елу миллиард) Теңге

Егер облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болып табылса, бұл туралы мәліметтер көрсетіледі

облигациялардың өтеу мерзімі бар

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)

1 000 (Бір мың) Теңге

3) облигацияның номиналды құнының, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы

Теңге

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



4) облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің және ол болған жағдайда қосымша сыйақы мөлшері

облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің: Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялардың айналыс мерзімі бойы тұрақты болып табылады және облигациялардың айналыста болу мерзімінің барлық кезеңінде номиналдық құнының 0,15% (нөл бүтін он бес жүзден бір пайыз) мөлшерінде жылдық сыйақыны құрайды.

қосымша сыйақы мөлшері: 0 %

Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алудың басталуына немесе басталмауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі.

Облигациялар бойынша қосымша сыйақы көзделмеген.

Облигацияларды өзге де мүлктік құқықтармен өтеу кезінде сыйақы және номиналды құн төленген жағдайда, осы құқықтардың, олардың сақталуын қамтамасыз ету тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың өту тәртібі келтіріледі.

Облигациялар өтелген кезде сыйақы мен номиналдық құн басқа мүлктік құқықтармен төленбейді.

5) сыйақыны төлеу кезеңділігін және (немесе) сыйақыны төлеу күнін және сыйақыны алу тәсілін көрсете отырып, облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары

облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары: Облигациялар бойынша сыйақы облигациялар айналысқа шығарылған күннен бастап олардың бүкіл айналыс мерзімі ішінде әр 12 (он екі) ай сайын 1 (бір) рет төленеді. Сыйақы алуға құқылы және Эмитенттің облигация ұстаушыларының тізілімін жүргізетін орталық депозитарий орналасқан жердің уақыты бойынша сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күні басында Эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілім жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді (бұдан әрі – Тіркеу күні). Облигациялар бойынша купондық сыйақы төлемі теңгемен, облигациялар ұстаушыларының банк шоттарына ақшалай қаражат аудару арқылы, Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады. Купондық сыйақы облигацияның номиналдық құны мен жылдық купондық сыйақы мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеледі. Сыйақыны (купонды) есептеу үшін 360/30 (жылына үш жүз алпыс күн / айына отыз күн) уақыт базасы қолданылады. Сыйақының соңғы төлемі облигациялар бойынша негізгі қарыз сомасын төлеумен бір мезгілде жүзеге асырылады.



сыйақыны төлеу кезеңділігін: Жыл сайын

6) облигациялар айналысының басталу күні және мерзімі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда айналыс мерзімі көрсетілмейді)

Облигациялардың айналысқа шығу күні облигациялардың алғашқы саудасы АҚ «Қазақстан қор биржасы» (бұдан әрі — Биржа) сауда жүйесінде ішкі құжаттарына сәйкес өткізілген күн болып табылады. Айналысқа шығу күні туралы хабарлама Биржаның ресми веб-сайтында (www.kase.kz) жарияланады.

облигациялар мерзімі

Жылдар: 30

Айлар: 0

Күндер: 0

7) облигацияларды өтеу күні және тәсілі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда толтырылмайды)

облигацияларды өтеу күні

Облигациялар облигациялар айналыс мерзімінің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде өтеледі.

облигацияларды өтеу тәсілі

Облигацияларды өтеу тәсілі:

- 1) Облигациялар номиналдық құны бойынша өтеулі болады, сонымен қатар облигациялар бойынша соңғы сыйақы төленеді. Бұл төлемдер облигацияларды өтеу сомасын есепке алу үшін «Қор бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-та ашылған шотқа ақша аудару арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, облигация ұстаушыларының аты-жөні мен әрбір облигация ұстаушысына төленетін соманы көрсететін тізім қоса беріледі.
- 2) Облигацияларды өтеу мерзімінің аяқталуынан кемінде 2 (екі) жұмыс күні бұрын (немесе уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде басқа мерзім белгіленген жағдайда - сол мерзімде) «Қор бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ «Даму» қоры» АҚ-дан алған ақшаны облигация ұстаушыларының банк шоттарына аударыды.
- 3) Облигациялардың номиналдық құны мен соңғы сыйақысы облигация ұстаушылары тізілімінде соңғы тіркеу күні бойынша тіркелген тұлғаларға төленеді.

8) облигациялар айналысын жүргізу жоспарланып отырған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)

Облигациялар тек ұйымдасқан бағалы қағаздар нарығында орналастырылады.



4. Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу тәртібі мен шарттары

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі көзделген жағдайда, облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құны (құнын айқындау тәртібі), эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуі мүмкін не облигациялардың иелері облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы талапты, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің шарттары мен қорытындылары туралы ақпаратты ашу тәртібін, сондай-ақ облигацияларды шығару туралы шешімде көзделген, эмитенттің қалауы бойынша немесе облигациялар иелерінің талап етуі бойынша мерзімінен бұрын өтеу жүзеге асырылатынына қарай облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің өзге де талаптары көрсетіледі.

Егер эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін көздеме, бұл мән-жай көрсетіледі.

Эмитенттің Жалғыз акционерінің шешімі бойынша Облигациялар олардың айналыс мерзімі ішінде толық немесе ішінара мерзімінен бұрын өтелуі мүмкін, бұл туралы Облигация ұстаушыларына Облигациялардың мерзімінен бұрын өтелетін күніне кемінде 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда хабарланады. Эмитент мұндай шешім қабылданғаны жөнінде Облигация ұстаушыларына Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарлама жариялау арқылы хабарлайды. Облигацияларды өтеу нәтижелері туралы жарияланатын мәліметтер мен хабарламалар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржа ережелерінде және "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-ның талаптарында көзделген мәліметтерді қамтуы тиіс. Облигациялар мерзімінен бұрын номиналдық құны бойынша теңгемен өтеледі. Мерзімінен бұрын өтеу бойынша төлем Облигациялардың мерзімінен бұрын өтелетін күні жарияланған күннен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі. Облигациялар бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеу төлемдері, мерзімінен бұрын өтеу күніне есептелген купондық сыйақыны төлеумен қатар жүргізіледі. Мерзімінен бұрын өтеу осы жеке меморандумның 3-тармағының 7 тармақшасына сәйкес шарттармен Орталық депозитарийдің банктік шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.

5. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері

2) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

3) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетуге, инвестициялық басқаруға байланысты, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын шығыстарының тізбесі

4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)



5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

6. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері

2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері

3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі

4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі

5) талап ету құқықтары біртектілігінің өлшемшарттары

6) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)

7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

7. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы

Мүлікпен қамтамасыз етілмеген

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы

0%

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі

Мүлікпен кепілдендірілмеген



8. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар кепілдікпен қамтамасыз етілсе)

Жатпайды

9. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат микро, шағын және орта жеке кәсіпкерлік субъектілеріне бағытталады. Бұл субъектілер басымдықты экономикалық секторларда, атап айтқанда өңдеу өнеркәсібі, қалдықтарды жинау және қайта өңдеу, көлік және қоймалау, тұрғын үй және тамақ қызметтері, қоймаларды жалға беру, білім беру және денсаулық сақтау салаларында жобаларды жүзеге асырып жатқан немесе жүзеге асыруды жоспарлап отырған ұйымдар болып табылады. Қаражаттар екінші деңгейлі банктер арқылы бөлінеді. Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат екінші деңгейлі банктерге қайта бөлінгенге дейін РЕПО операцияларында уақытша орналастырылуы мүмкін.

2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі

3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі

4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері



егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары

эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

8) Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

Бұл шығарылымдағы облигациялар "жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялар, орнықты дамуға байланысты облигациялар және инвестициялық облигациялары емес.

10. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар

- 1) Облигациялар өтеу кезінде олардың номиналдық құнын жеке меморандумда көзделген тәртіппен және мерзімде алу құқығы;
- 2) Облигациялар бойынша купондық сыйақыны жеке меморандумда белгіленген мерзімде және мөлшерде алу құқығы;
- 3) Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржа қағидаларына сәйкес тәртіппен алу құқығы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша Облигациялар бойынша өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және жеке меморандумда көзделген жағдайларда Облигацияларды толықтай немесе ішінара өтеуге ұсыну құқығы;
- 6) Облигацияларды еркін иеліктен шығару және оларға өзге де тәсілдермен билік ету құқығы;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және жеке меморандумда көзделген жағдайларда Эмитенттен Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы;
- 8) Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

Облигациялар ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеуді талап ету құқықтарын іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімдері осы тармақшаның келесі бөлімінде көрсетілген:

а) Эмитент Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында белгіленген талаптардың кез келгенін бұзған жағдайда, Облигациялар ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеуді талап етуге құқылы. «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар туындаған кезде, Эмитент келесі бағалардың ең жоғарысы бойынша орналастырылған Облигацияларды өтеуге міндетті: (i) Облигациялардың номиналдық құнына жиналған, бірақ төленбеген сыйақыны қосқандағы баға; (ii) Облигациялар Биржаның сауда жүйесінде айналысқа жіберілген жағдайда қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған нарықтық баға (мұндай баға болған жағдайда); (iii) егер эмитенттің облигациялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түспесе, Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған баға. «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңның 18-4-бабы 2-тармағында көзделген

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



өтеуге негіз болатын жағдайлардың кез келгені туындаған кезде, Эмитент аталған негіз туындаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигациялар ұстаушыларын келесі ресми интернет-ресурстарда тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы хабардар етуге міндетті: Эмитенттің ресми сайты (www.damu.kz), Биржа (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz). Аталған ақпараттық хабарламада өтеуге негіз болатын жағдайдың нақты сипаттамасы, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге де ақпарат көрсетілуі тиіс. Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Облигациялар ұстаушылар өтеуге өтініштерін беруге құқылы, ал Эмитент оларды қабылдауға міндетті. Облигацияларды өтеу туралы кемінде бір жазбаша өтініш келіп түскен жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі өтініштерді қабылдау мерзімі аяқталған күннен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде мынадай шешімдер қабылдауға міндетті: Облигацияларды өтеу туралы; Облигацияларды өтеу бағасы туралы; Өтелетін Облигациялар саны туралы; Облигацияларды өтеу күні туралы – бұл ретте өтеу күні Эмитенттің Директорлар кеңесі өтеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмеуі тиіс; Есеп айырысу тәртібі, оның ішінде: (а) Облигацияларды өтеу нәтижесінде оларды есептен шығару үшін орталық депозитарийге Облигациялар ұстаушыларының бұйрық беру тәртібі және (б) Эмитент Облигацияларды ұстаушыларға өтеу үшін ақшалай қаражатты аудару тәртібі;

Эмитенттің Облигацияларды өтеуін ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер. Эмитент Директорлар кеңесінің Облигацияларды өтеу туралы шешім қабылдаған күнінен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде келесі ресми интернет-ресурстарда тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигациялар ұстаушыларын мұндай шешім туралы хабардар етуге міндетті: Эмитенттің ресми сайты (www.damu.kz), Биржа (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz). Жарияланған ақпаратта мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

Облигацияларды өтеу бағасы және бұл бағаны есептеу тәртібі; Өтелетін Облигациялар саны; Облигацияларды өтеу күні; Есеп айырысу тәртібі, оның ішінде: (а) Облигацияларды өтеу нәтижесінде оларды есептен шығару үшін орталық депозитарийге Облигациялар ұстаушыларының бұйрық беру тәртібі және (б) Эмитент Облигацияларды ұстаушыларға өтеу үшін ақшалай қаражатты аудару тәртібі; Эмитенттің Облигацияларды өтеуін ұйымдастыру үшін қажетті өзге де ақпарат. Орналастырылған Облигацияларды Эмитент Директорлар кеңесі өтеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде өтеуге міндетті.

Облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда мемлекеттік емес облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды өтеу мерзімінсіз, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Облигациялардың өтеу мерзімі бар.

11. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент қолданатын шаралар

Дефолт – эмиссияланған бағалы қағаздар мен басқа да қаржылық құралдар бойынша міндеттемелердің орындалмауы. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жарияланатын

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



оқиға (бұдан әрі – Дефолт оқиғасы) – облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын және (немесе) купондық сыйақыны төлеу бойынша эмитенттің міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамауы, бұл міндеттемелердің орындалу мерзімі осы жеке меморандумда белгіленген. Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы орын алған жағдайда, эмитент облигациялар иелеріне негізгі борыш пен (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу мерзімінің аяқталған күніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгіленген базалық мөлшерлемесі бойынша айыппұл есептеп, оны төлеуге міндетті болады (бұдан әрі – «Нақты төлем күні»). Айыппұл кешіктірілген әр күн үшін есептеледі (айыппұл есептелудің соңғы күні – Нақты төлем күні).

Облигациялар бойынша дефолт болып саналмайды, егер эмитент сыйақы мен/немесе облигациялардың номиналдық құнын жеке меморандумда белгіленген тәртіп пен мерзімде төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда, егер бұл төлемдердің орындалмауы эмитентке облигация иесінің банктік есепшоты туралы толық емес немесе қате деректердің түсуінен, немесе «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-ның заңнамаға және эмитентпен жасалған шартқа сәйкес облигациялар иелері реестрін дер кезінде бермеуінен болған болса. Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамау үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл орындалмау күшінен тыс жағдайлардан туындаса. Күшінен тыс жағдайлар деп болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған оқиғалар (табиғи апаттар, әскери әрекеттер, билік органдарының тыйым салатын немесе шектейтін актілері және т.б.) түсініледі. Мұндай жағдайлар туындаған жағдайда эмитенттің осы жеке меморандумда белгіленген міндеттемелерді орындау мерзімі осы оқиғалар мен олардың салдарларының әсер ету кезеңіне сәйкес ұзартылуы мүмкін.

Облигация иелерімен келіссөздер жүргізу арқылы эмитент міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын келіседі. Міндеттемелерді қайта құрылымдау туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес эмитенттің директорлар кеңесі кредиторлардың келісімімен қабылдайды, соның ішінде облигация иесіне берілетін құқықтарды ескере отырып.

Дефолт оқиғасы туралы ақпарат эмитент тарапынан облигациялар иелеріне осы тармақта көрсетілген мерзімдер мен тәртіппен және тәсілдермен хабарланады. Дефолт оқиғасы туралы ақпараттың алғашқы жарияланған күнінен бастап 20 (жиырма) күн ішінде эмитент облигациялар иелерінің жазбаша өтініштерін (немесе облигацияларға қатысты талап құқығын) облигацияларды номиналдық құнымен және жиналмаған сыйақыны есепке ала отырып сатып алу туралы қабылдауға міндетті. Дефолт оқиғасы туралы алғашқы ақпараттың жарияланған күнінен бастап 30 (отыз) күн ішінде эмитент облигациялар иелерінің жалпы жиналысын шақырып, өткізуге міндетті. Жалпы жиналыстың күн тәртібіне эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын бекіту және қажет болған жағдайда осы жеке меморандумға өзгерістер енгізу мәселелері енгізіледі. Егер жалпы жиналыс нәтижесінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары бекітілмесе және эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде негізгі борыш пен (немесе) купондық сыйақыны төлеу және облигацияларды сатып алу бойынша өз міндеттемелерін орындамаса, эмитент пен облигациялар иелері немесе облигацияларға қатысты талап құқығы Қазақстан Республикасының қайта құрылу және банкроттық саласындағы заңнамасына сәйкес әрекет етеді.

Егер жалпы жиналыста төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары бекітілсе, эмитенттің директорлар кеңесі осы жоспарды жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды, облигация иесіне берілген құқықтарды ескере отырып. Дефолт оқиғасы болған кезде эмитент оның себептерін жоюға және облигация иелерінің құқықтарын қамтамасыз етуге бар күш-жігерін жұмсайды.


Дефолт оқиғасы болған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде эмитент бұл ақпаратты ресми сайттарында (www.damu.kz, www.kase.kz, www.dfo.kz) жариялауға міндетті.

Эмитенттің ақпараттық хабарламасында келесі мәліметтер болуы тиіс: дефолттың себептерінің



толық сипаттамасы; орындалмаған міндеттемелердің көлемі; облигациялар иелерінің талаптарын қанағаттандыру үшін мүмкін әрекеттері мен оларды орындау тәртібі мен мерзімдері; дефолт себептерін жою үшін эмитенттің қабылдаған немесе қабылдайтын шаралары; облигациялар иелерінің жалпы жиналысының өткізілу күні; эмитенттің шешімі бойынша басқа да ақпараттар.

Уәкілетті тұлға:



Электрондық цифрлық қолтаңба:

**МУСТАФИН АРСЕН
БАХЫТЖАНОВИЧ**
(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

